ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 19 маусым №7119-23-00-2/6375 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ғ.Жақсыбаев,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«Астана-Энергия» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«МУХАТОВ» атты Жеке Кәсіпкер Арман Сакенович Мухатов

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 16 наурызында «Астана-Энергия» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – АҚ) мен «МУХАТОВ» атты Жеке Кәсіпкер Арман Сакенович Мухатов (бұдан әрі – ЖК) арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №430/23-2 А-Э мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

ЖК шартының талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2023 жылғы 13 мамырға дейін талап қоюшыға тауар – жалпы сомасы 1 026 000 теңге тягонапорометрлер мне жалын релесі датчиктерді қоюға, ал АҚ тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Сонымен қатар, 2023 жылғы 27 наурызында «Астана-Энергия» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – АҚ) мен «МУХАТОВ» атты Жеке Кәсіпкер Арман Сакенович Мухатов (бұдан әрі – ЖК) арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №439/23-2 А-Э мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

ЖК шартының талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2023 жылғы 04 мамырға дейін талап қоюшыға тауар – жалпы сомасы 2 838 000 теңге 4 дана датчиктерді қоюға, ал АҚ тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдап алуға

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Ғ., 19.06.2023
Заңды күшіне енген күні: 27.07.2023, судья Жақсыбаев А. Ғ., 01.08.2023
7119-23-3-1/6156

және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға толық сәйкес тауарларды қоймаған.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Қазіргі уақытта, №430/23-2 А-Э мемлекеттік сатып алу туралы шарт тапсырыс берушімен бір жақты бұзылған.

Сонымен қатар, №439/23-2 А-Э мемлекеттік сатып алу туралы шарт қазіргі уақытта орындалуда.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

2023 жылғы ақпанда тараптар арасында №430/23-2 А-Э шарт жасалған.

Шарттың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай тауар жеткізу мерзімі 2023 жылдың 13 мамыры.

Талап арызда өнім берушінің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкер шарттың талаптарын бұзған.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шарты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117 бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 19.06.2023
Заңды күшіне енген күні: 27.07.2023, судья Жаксыбаев А. Г., 01.08.2023
7119-23-3-1/6156

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана-Энергия» акционерлік қоғамының жауапкер «МУХАТОВ» атты Жеке Кәсіпкер Арман Сакенович Мухатовқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «МУХАТОВ» атты Жеке Кәсіпкер Арман Сакенович Мухатов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «МУХАТОВ» атты Жеке Кәсіпкер Арман Сакенович Мухатовтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Г., 19.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.07.2023, судья Жақсыбаев А. Г., 01.08.2023

7119-23-3-1/6156